

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

### Отандастарымыздың зейнетақы активтері 22,64 трлн теңгеге жетті

2025 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша азаматтардың БЖЗК-дағы зейнетақы шоттарындағы зейнетақы активтері **22,64 трлн теңгеге** жетті. Соңғы 12 ай ішінде зейнетақы активтері **4,52 трлн астам теңгеге** (немесе 25%) еости.

Міндепті зейнетақы жарналары есебінен қалыптасқан зейнетақы жинақтары 2025 жылдың 1 ақпанына 21,69 трлн теңгеден асты. 12 айдағы өсімі – 23,8%. Міндепті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) есебінен зейнетақы жинақтары – 650,21 млрд теңге, 12 айдағы өсім – 12,5%. Откен 12 ай ішінде ең үлкен өсімді (45,2%) ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) бойынша жинақтар көрсетті, оның көлемі – шамамен 8 млрд теңге.

Салымшылардың (алушылардың) зейнетақы шоттарына 2024 жылғы 1 қантардан бастап түсे бастаған жұмыс берушінің міндепті зейнетақы жарналары (ЖМЗЖ) **270,08 млрд теңгеге** жуықтады.

#### *Kipic*

2025 жылдың қантар айында салымшылардың шоттарына шамамен 234,24 млрд теңге зейнетақы жарналары түсті (откен жылғы көрсеткішпен салыстырғанда өсім 24,8% немесе 46,56 млрд теңгеге артық).

МЗЖ есепке алынатын жеке зейнетақы шоттарына (ЖЗШ) жыл басынан бері 01.02.2025 жылға дейін 200,33 млрд аса теңге (бұл откен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 13,9% артық) түсті, МКЗЖ - 12,17 млрд астам теңге (өсім 17,9%), ЕЗЖ – 295,0 млн теңге (өсім 1,1%). 2025 жылдың қантар айындағы ЖМЗЖ көлемі – 21,44 млрд теңге.

#### *Төлемдер мен аударымдар*

2025 жылдың қантар айында БЖЗК-дан жарналардың барлық түрлері бойынша жасалған төлемдер мен сақтандыру ұйымдарына аударымдар түріндегі шығыс ағындары шамамен **128,86 млрд теңгеге** жетті. Бұл былтырғы сәйкес кезеңдегі төлемдер көлемінен 65,40 млрд теңгеге немесе 103,1% көп.

**78,09 млрд аса теңге** - тұрғын үй жағдайларын жақсартуға және емделуге арналған біржолғы зейнетақы төлемдері (БЗТ).

Зейнет жасына толуына байланысты төлемдер шамамен **16,78 млрд теңге**, бұл откен жылғы көрсеткіштен 8,2% жоғары.

Сондай-ақ, осы кезең ішінде мұрагерлік бойынша төлемдер – **6,32 млрд аса теңге**, ҚР шегінен тыс тұрақты тұруға кетуге байланысты төлемдер – **3,29 млрд аса теңге**, мүгедектігі бар адамдарға төлемдер – **272,60 млрд теңге**, жерлеуге төлемдер – **989,23 млн теңге** көлемінде жүзеге асырылды. Сақтандыру ұйымдарына шамамен **23,1 млрд теңге** аударылды.

Зейнет жасына толуына байланысты БЖЗК-дан берілетін орташа айлық төлем – **35 523 теңге**, ал ай сайынғы төлемнің ең жоғарғы сомасы – **993 040 теңге**.

#### *ЖЗШ саны*

2025 жылдың 1 ақпанындағы жағдай бойынша БЖЗК-дағы зейнетақы шоттарының жалпы саны - **17,24** млн бірлік. Бұл ретте салымшылардың (алушылардың) БЖЗК-дағы ЖЗШ саны 2025 жылдың 1 ақпанына 12,51 млн бірлікке жуықтады. Оның ішінде: 11,15 млн - МЗЖ бойынша, 718,56 мыңнан аса - МКЗЖ бойынша, 441,96 мыңы - ЕЗЖ есептелетін шоттар.

Ал БЖЗК-дағы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келіп түскен ЖМЗЖ туралы мәліметтер ескерілетін шартты зейнетақы шоттарының саны - **4,73 млн** бірліктен асты.

Зейнетақы активтеріне қатысты барлық өзекті ақпарат, соның ішінде республика өнірлері бойынша мәліметтер [enpf.kz](http://enpf.kz) сайтындағы «**Көрсеткіштер**» бөлімінде орналастырылған.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндемті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндемті зейнетақы жарналарын, міндемті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартууды, сондай-ақ "Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндемті кепілдік беру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес депозиттерге міндемті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым аударған кепілдік берілген депозит бойынша кепілдік берілген өтемнің талап етілмеген сомасы есебінен қалыптастырылған ерікті зейнетақы жарналарын есепке алып, оның есебін жүргізеді, зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Сондай-ақ Қор нысаналы активтер мен нысаналы талаптарды есепке алуды, нысаналы жинақтау шоттарына нысаналы жинақтарды (НЖ) есепке алу мен есептеуді, НЖ төлемдерін оларды алушының банк шоттарына есептеуді, "Ұлттық қор – балаларға" бағдарламасы шеңберінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен НЖ қайтарымдарын есепке алуды жүзеге асырады (толығырақ [www.enpf.kz](http://www.enpf.kz) сайтында).